

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 қарашадағы № 37/4-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2018 жылғы 11 желтоқсанда № 5-1-206 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 51/8-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 15.11.2019 № 51/8-VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 510-бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Өскемен қаласының әкімшілік бағынысындағы шекараларда елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жеріне Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 506-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесі:

- 1 аймақ бойынша – 30% арттырылсын;
- 2 аймақ бойынша – 10% арттырылсын;
- 3 аймақ бойынша – 10% азайтылсын;
- 4 аймақ бойынша – 30% азайтылсын.

Өскемен қаласының әкімшілік бағынысындағы шекараларда жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, жеке (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге Салық кодексінің 504-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесі:

- 1 аймақ бойынша – 30% арттырылсын;
- 2 аймақ бойынша – 20% арттырылсын;
- 4 аймақ бойынша – 20% азайтылсын;

5 аймақ бойынша – 30% азайтылсын.

Өскемен қаласының әкімшілік бағынысындағы шекараларда елді мекендердің жеріне (үй маңындағы жер учаскелерін қоспағанда) Салық кодексінің 505-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесі:

1 аймақ бойынша – 31% арттырылсын;

2 аймақ бойынша – 33% арттырылсын;

3 аймақ бойынша – 35% арттырылсын;

4 аймақ бойынша – 38% арттырылсын;

5 аймақ бойынша – 41% арттырылсын;

6 аймақ бойынша – 44% арттырылсын;

7 аймақ бойынша – 46% арттырылсын;

8 аймақ бойынша – 50% арттырылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жер салығының мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы" Өскемен қалалық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 37/3-V шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3920 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 14 мамырдағы "Өскемен", "Усть-Каменогорск" газеттерінде жарияланған);

2) "Жер салығының мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы" Өскемен қалалық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 37/3-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 26/7-VI шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5519 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 13 наурызда жарияланған).

3. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

М. Кикина

А. Светаш